

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Теология факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№7 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

25.03.2024 ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы: Шылмамбетов Саян – Философия кафедрасының аға оқытушы

Комиссия мүшелері:

Қыпшақбаев Нұрперзент-Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары

Камалова Фериде - Дінтану кафедрасының меңгерушісі

Шауенов Дидар – Теология кафедрасының меңгерушісі

Бейсенов Айбек - Дінтану кафедрасы, аға оқытушы

Тілекеева Балайым- Дінтану кафедрасы, магистр оқытушы

Назбекова Салтанат- Дінтану кафедрасы, оқытушы, академиялық комитет төрайымы

Усаинова Ақмоншақ - Теология кафедрасы, аға оқытушы

Букенова Жаухар - факультет әдіскері

Ибадулла Ысқақ- теология кафедрасының магистр оқытушысы

Алибек Алия Бауыржанқызы - 6B02228 Дінтану- мамандығының студенті

Қиянбекова Айдын-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

Қатыспағандар: -

Шақырылғандар: Л.Ибрагимова – Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.
2. ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру
3. ББ қайта қарауға, жетілдіруге негіздемелер орын алған жағдайда ББ паспортына, мазмұнына, оқыту нәтижелеріне өзгерістер мен толықтырулардың бекітілген талаптарға сай енгізілуін қадағалау;
4. Наурыз айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

1. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы С.Шылмамбетов күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру туралы сөз қозғады.

Н.Қыпшақбаев: Дінтану және Теология кафедралары бойынша 2023-2024 оқу жылында дайындалған БББ бойынша жұмыс берушілерден сауалнамалар алынды:

Білім беру бағдарламасы	Жұмыс беруші
6B02228-Дінтану	1. Түркістан облысы әкімдігі Дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ
7M02211-Дінтану	2. Түркістан қаласы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
6B02229-Теология	3. Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы Түркістан облысы
7M02262-Теология	
6B02266-Исламтану	

Н.Қыпшақбаев: 6B02228-Дінтану, 6B02229-Теология, 7M02211-Дінтану, 7M02262-Теология және 6B02266-Исламтану білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс берушілері

Түркістан облысы әкімдігі Дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ директоры М.Халықов, ҚР МСМ «Әзіреті Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары М.Тастанбеков, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы Түркістан облысының бас имамы Е.Төлепов. Білім беру бағдарламасы бойынша элективті пәндер каталогы бекітілді. Жұмыс беруші мекемелердің өкілдері тарапынан сауалнама нәтижелері талданды. 2023-2024 оқу жылының негізгі оқу жоспарына ұсыныстары ескеріліп, өзгеріс енгізілді. Жұмыс берушілермен кері байланыс орнату үшін және бітіруші студенттерді жұмыспен қамтамасыз ету үшін, студенттер сәйкес мекемелерден өндірістік тәжірибеден өтеді.

Жұмыс берушілердің сын-пікірлері ескерілді, сауалнама нәтижелері талданды. Жылда білім беру бағдарламалардың негізгі оқу жоспарларына жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріліп, өзгерістер енгізіледі.

Жоғарғы және жоғарғы білімнен кейінгі білім беруде дүние жүзінің көптеген бөлімдері өз бағдарламаларының мазмұнын бәсекелестік заман талаптарына сай сапасын арттыруға және олардың нарықтық еңбек қатынастары қажеттіліктерімен байланысына және білім беру сапасы халықаралық стандарттарға сай болуына басты назар аударуда.

А.Қиянбекова: Теология факультеті түлектерінің еңбек нарығын құрайтын жұмыс берушілер жөнінде ақпарат қанағаттанарлық. Жұмыс берушілердің пікірлері білім алушылардың өндірістік тәжірибеден өту базаларын кеңейту, оқу үдерісінің жұмыс берушілердің талаптарымен сәйкестендіру мен мамандарды дайындаудың бірлескен білім беру бағдарламаларын жасаудың негізі болып табылады.

Шешім: Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелері назарға алынсын.

2. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы С.Шылмамбетов күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз қозғады: ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.

Д.Шауенов: ББ құрастыруда түлектер атрибуттарын айқындау тиіс. Сонымен қатар, түлектердің жұмысқа орналасуы қандай, ол үшін өткен жылдардың мәліметтерін талдау қажет. 2023-2024 оқу жылы бітірушілердің білім беру бағдарламасы мазмұнына, оқу процесін ұйымдастырудың нәтижелілігіне, бағалау саясатына және оқу барысында көрсетілген қызметтерге қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама ұйымдастырылады. Жауаптылар: Факультет декандары, жоғары мектеп директоры, Тіркеуші офис, IT департамент, Іс-тәжірибе және жұмыспен қамту орталығы. Сауалнама нәтижелері 2024 жылдың тамыз айындағы Университеттің Академиялық комитетте талқыланып, ұсыныстар келесі оқу жылында оқу үдерісін ұйымдастыруда ескеріледі.

Шешім: ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар алу назарға алынсын.

3. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы С.Шылмамбетов күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз қозғады: ББ қайта қарауға, жетілдіруге негіздемелер орын алған жағдайда ББ паспортына, мазмұнына, оқыту нәтижелеріне өзгерістер мен толықтырулардың бекітілген талаптарға сай енгізілуін қадағалау.

А.Бейсенов: 2023-2024 оқу жылында 6В02228-Дінтану, 7М02211-Дінтану, 6В02229-Теология, 7М02262-Теология, 6В02266-Исламтану білім беру бағдарламалары жаңарту жоспарланған. 7М02211-Дінтану, 7М02262-Теология және 6В02266-Исламтану білім беру бағдарламалары жаңартылды. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік

жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, қорытынды аттестаттау 12 кредиттен 8 кредитке қысқаруына байланысты және жұмыс берушілер мен стейкхолдердің ұсыныстары, сонымен қатар Эрасмус, Мәулана, Орхун сияқты халықаралық бағдарламалар аясында студенттердің ішкі және сыртқы ұтқырлықтарын жүзеге асыру мақсатында серіктес (Сақаря, Мармара және т.б) университеттердегі білім беру бағдарламалардың оқу жоспарын ескере отырып факультеттегі қолданыстағы 6B02228-Дінтану және 6B02229-Теология білім беру бағдарламаларды жаңарту жұмыстары жүргізілуде.

Д.Шауенов: Осы мәселе бойынша ББ жасайтын жұмыс топтары ескерілуі тиіс:

ОН болуы керек: 1) Еңбек функцияларына бағдарланған; 2) синергияға ие болу, яғни пәндердің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар күрделілік пен пәнаралық байланысты ескеру; 3) еңбек нарығының перспективалық қажеттіліктеріне бағдарланған; 4) «жұмсақ» дағдыларды қосылған (soft skills) болуы тиіс. Сондай-ақ, пән сипаттамаларының талапқа сай 3 тілде жазылуы тексерілсін. Әр пәннің ОН анықтаулы тиіс. Сауалнамалар нәтижесінде жаңа енгізілетін пәндер анықталуы тиіс, мазмұны қайталанатын пәндер алыну тиіс.

А.Қиянбекова: Университет білім беру бағдарламаларының тұрақты мониторингі, мерзімдік бағалау және қайта қарастыру студенттер үшін ыңғайлы білім алу ортасын қалыптастыруды қамтамасыз етуді мақсат етеді. Университет білім беру бағдарламаларына мониторингін жүргізу мен қайта қарау нәтижесінде өзгерістер енгізілген ББ паспорты ҚР ҒЖЖБМ Реестріне ұсынылады. Паспорты сараптамадан оң баға алып, Реестрде тіркелген ББ УЕ-ХҚТУ-030-2021 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу ережесіне сәйкес рәсімделіп, бекітіледі, қолданысқа енгізіледі.

Шешім: ББ қайта қарауға, жетілдіруге негіздемелер орын алған жағдайда ББ паспортына, мазмұнына, оқыту нәтижелеріне өзгерістер мен толықтырулардың бекітілген талаптарға сай енгізілуін қадағалау қолға алынсын.

4. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы С.Шылмамбетов күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша сөз алып, наурыз айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін қорытындылады:

1. Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру нәтижелері назарға алынсын.
2. ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар алу мерзімдері назарға алынсын.
3. ББ қайта қарауға, жетілдіруге негіздемелер орын алған жағдайда ББ паспортына, мазмұнына, оқыту нәтижелеріне өзгерістер мен толықтырулардың бекітілген талаптарға сай енгізілуін қадағалансын.


Шешім Факультеттегі наурыз айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрағасы:



С.Шылмамбетов

Мәжіліс хатшысы:



Б.Ибадулла